

 SATBAYEV UNIVERSITY	ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ «Қ.И.СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ» КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ	
3 - деңгейдегі СМЖ құжаты	2018 жылғы «15» 06 №1 басылым	Е 029. Ғ. 04-52. 01-2018

**Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен
бағдарламаларды құрастыру мен жүзеге асыру шеңберіндегі ғылыми-
зерттеу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық, тәжірибелік-
конструкторлық және технологиялық жұмыстар туралы
ЕРЕЖЕ**

Е 029. Ғ. 04-52. 01-2018

Алматы 2018

АЛҒЫ СӨЗ

1 «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым бөлімінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылым бөлімінің бастығы

« 4 » 06 2018 ж.

А.Жолдасов

2 КЕЛІСІЛДІ:

Ғылым жөніндегі проректор

« 13 » 06 2018 ж.

Б.Кенжалиев

Академиялық жұмыс жөніндегі проректор

« 12 » 06 2018 ж.

Р.Исмаков

Қаржы және есеп департаментінің директоры-бас бухгалтер

« 11 » 06 2018 ж.

К.Жұмабаева

Корпоративтік даму департаментінің директоры

« 08 » 06 2018 ж.

Ж.Файзуллаева

Лицензиялау, сертификаттау және білім сапасын бақылау басқармасының бастығы

« 07 » 06 2018 ж.

А.Сауранбаева

Заң жүзінде қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

« 06 » 06 2018 ж.

Д.Кульджанова

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімінің бастығы

« 05 » 06 2018 ж.

Ж.Орақбаева

3 Ректордың 2018 жылғы « 15 » 06 № 23 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 Бірінші рет **ЕНГІЗІЛДІ**

МАЗМҰНЫ

1 Жалпы ереже	4
2 Нормативтік сілтемелер	11
3 Қысқартулар	13
4 ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ негізгі міндеттері	14
5 ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу мен есеп беру тәртібі	16
6 ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ қаржыландыру, оның көлемдерін, тәртібі және жоспарлау, бөлінген қаражатты жұмсау үшін қаржыландыру	23
7 Мемлекеттік бюджет қаражаттарынан қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ	29
8 Шаруашылық келісім-шарттары бойынша орындалатын ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ	30
9 Оқу және ғылым үдерістерінің өзара байланысы мен бірлігі	33
Өзгерістерді енгізу парағы	34

1 Жалпы ережелер

1.1 Ғылыми-зерттеу, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар туралы ережеде (бұдан әрі – Ереже) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалар мен бағдарламаларды қалыптастыру мен жүзеге асыру шеңберінде келесі негізгі ұғымдар қолданылады:

1) ғылыми қауымдастық - әлемді тану және зерттеумен айналысатын арнайы дайындығы бар кәсіби адамдардың, ортақ парадигманы – күрделі теорияларды, заңдарды, іргелі және қолданбалы мәселелердің шешім үлгілерін үйлестіруді бөлетін, ғылымды мойындайтын ғалымдар мен ғылыми қызметкерлер жиынтығы (бейресми бірлестік);

2) ғылыми-зерттеу жұмысы (бұдан әрі - ҒЗЖ) – ғылыми ізденіспен, білімі бар және жаңа білімді толықтыру мақсатында ғылыми және эксперименттік зерттеу жүргізумен, ғылыми болжамдарды тексерумен, табиғат пен қоғам дамуының заңдылықтарын белгілеумен, ғылыми тұжырыммен байланысты жұмыс;

3) ғылыми қызмет – зерттелетін нысандар мен құбылыстардың өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын, қасиетін анықтау мақсатында, ғылымның әр түрлі саласында теориялық негіздерді құру мен алынған білімді тәжірибеде қолдануды, оның ішінде қайта тұжырымдалған теориялық негіздер базасындағы қолданбалы зерттеулер жүргізуді қоса алғанда, айналадағы ақиқатты зерделеуге бағытталған ғылыми-зерттеу жұмысын жүзеге асыру;

4) ғылыми-техникалық қызмет – ғылымның барлық салаларында, технологиялық, құрылымдық, экономикалық және әлеуметтік-саяси және өзге де міндеттерді шешу үшін техника мен өндірісте жаңа білімді алуға және қолдануға, оның ішінде жүргізілген зерттеулер нәтижесін енгізу және жүзеге асыруға қажетті нормативтік-техникалық құжаттамаларды әзірлеуді қоса алғанда, жаңа ғылыми өнімді әзірлеу бойынша ғылымды қалыптастыруды және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісті бірыңғай жүйе ретінде құру жөнінде жұмыстарды қамтамасыз етуге бағытталған ғылыми-зерттеу және/немесе тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық, маркетингтік жұмыстарды іске асыру;

5) іргелі зерттеулер – табиғаттың, қоғамның, адам мен олардың өзара байланысының дамуының негізгі заңдылықтарының теориялық негіздерін және жаңа ғылыми білімді алуға бағытталған ғылыми қызмет (оның ішінде тәжірибе жүргізу бойынша);

6) стратегиялық міндеттер – мемлекеттің дамуы үшін маңызды және сүбелі болып табылатын мәселелер мен проблемалар, қоғамдық және саяси қызметтің басты міндеттеріне жету;

7) стратегиялық зерттеулер – стратегиялық міндеттерді шешуге бағытталған іргелі немесе қолданбалы сипаттағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыру;

8) қолданбалы зерттеулер – практикалық мақсаттарға жету үшін жаңа білім алуға және еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуының нақты міндеттерін шешуге, оның ішінде ғылымның әртүрлі бағыттарында қайта құрылған теориялық негіздерге бағытталған ғылыми-техникалық қызмет (оның ішінде тәжірибелер жүргізу бойынша);

9) ғылыми зерттеулер – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің жаңа нәтижелеріне қол жеткізу мақсатында ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің тиісті ғылыми әдістерімен және құралдарымен іргелі, қолданбалы және стратегиялық субъектілеріне бағытталған ғылыми-зерттеу және/немесе тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық, маркетингтік жұмыстарды іске асыру;

10) ғылыми-техникалық өнім – кез келген ақпарат тасығышта тіркелген ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі;

11) ғылыми өнім – практикалық іске асыруға арналған зияткерлік шығармашылық қызметтің нәтижесі;

12) ғылым саласындағы үйлестіру – Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, қолданыстағы жүйені тиісті бағытта жақсарту, оның ішінде үйлестірілетін объектілер мен субъектілердің қызметін жетілдіру жөнінде қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдау мақсатында келісушілікті қамтамасыз етуге, талдау мен жүргізілетін жұмысты реттеуді жүзеге асыруға бағытталған бірлескен қызмет;

13) мониторинг – Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, белгіленген критерийлермен салыстыру негізінде мониторинг объектілерін бағалау және мониторинг объектілерін жетілдіру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдау мақсатында мониторинг объектісі параметрлерін тиісті тіркеу және үздіксіз қадағалау процесі;

14) ғылымды дамытудың басым бағыттары – Қазақстан Республикасындағы мамандандырылған ғылыми бағыттар бойынша ғылыми зерттеулерді жүргізу шеңберінде Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (бұдан әрі – ЖҒТК) қабылдаған процедурасы бойынша белгіленген мерзімде анықталған ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет салалары;

15) мамандандырылған ғылыми бағыттар – ЖҒТК анықталған ғылым дамуының әрбір басым бағыттары шеңберінде Ұлттық ғылыми кеңестің әртүрлі мамандықтар мен мамандандыру бойынша белгіленген тәртіпте қалыптастырылған, ЖҒТК отырысында қабылданған процедура бойынша бекітілген ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің бағыттары;

16) ғылымдағы инновация – жаңа білім немесе адамдардың өмір сүру ортасын жаңарту жөнінде бұрын қолданылмаған идеялар, ғылымның (тауарлар, қызметтер) немесе технологиялық процестердің едәуір жетілдірілген, оларды іске асыру тиімділігінің жоғарылығын және қосымша құндылықтардың (инвестициялар – маңызды енгізілім – енгізу процесі - сапалық жақсартуды алу) тіркелгендігін енгізуге дайын өнімдері;

17) ғылыми, ғылыми-техникалық жоба – таңдап алынған ғылыми бағыттың өзекті міндеттерін шешу жөнінде мамандықтар мен мамандандыруға (ұқсас мамандықтар мен мамандандырудың ғылыми қызметкерлері мен ғалымдарды тартуы мүмкін) сәйкес ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің ықпалымен ғылыми бағыттың мақсаттары мен міндеттері, өзектілігі, ғылыми жаңалығы, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен жоспарланған ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық, маркетингтік жұмыстарды жүргізудің мақсаттылығының негіздемесіне сәйкес болжалды зерттеудің мазмұнын қамтитын құжат;

18) ғылыми, ғылыми-техникалық бағдарлама – еліміздің жоғары атқарушы билік органының тапсырмасымен және мемлекет басшысының нұсқауына сәйкес экономиканың түрлі саласындағы маңызды мемлекеттік стратегиялық міндеттерді шешу бойынша ұқсас мамандықтар мен мамандандыруға сәйкес ғалымдар мен ғылыми қызметкерлердің ықпал етуімен ғылымның бірнеше бағыттарының мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-практикалық маңыздылығын және жоспарланған кешенді ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық, маркетингтік жұмыстарды жүргізудің мақсаттылығының негіздемесімен болжалды зерттеудің мазмұнын қамтитын құжат;

19) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижесі – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті орындау барысында алынған және кез келген ақпарат тасығышта тіркелген жаңа білім немесе шешімдер, жаңа ғылыми әзірлемелердің, технологиялардың, материалдар мен заттардың сипаттамасын қоса алғанда, солардың негізінде зертханалық жағдайда тәжірибелік-өнеркәсіптік үлгілер мен өндірістерді, конструкторлық құжаттаманы, сынамалардың хаттамаларын; есептерді, программалық, нормативтік-техникалық және нормативтік-әдістемелік құжаттарды, болжауларды, тұжырымдамаларды, стратегияларды, математикалық үлгілерді, оның ішінде құқықтық қорғаумен қамтамасыз етілетін зияткерлік меншікті құру;

20) тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар (бұдан әрі – ТКЖ) – ғылыми өнімді енгізу және жетілдіру кезінде орындалатын техникалық-жобалау ізденістерінің, тәжірибе үлгілеріне конструкторлық және технологиялық құжаттамаларды әзірлеу, тәжірибе үлгілері мен пайдалы үлгілерді сынау мен дайындау кешені;

21) тәжірибелік өндіріс – ғылыми ұйымдардың, жоғары оқу орнының құрылымдық бөлімшесі немесе заңды тұлға, қызметтің негізгі түрі тәжірибе үлгілерін, пайдалы үлгілер мен жаңа ғылыми өнімдерді, нақты жағдайларда практикада технологиялық процестерді тексеру және дайындау болып табылады;

22) ғылыми зерттеулердің нәтижелілігі – ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асыру деңгейін анықтау, оларды орындаушылардың қабілеттілігін алға қойылған мақсаттар мен міндеттерге сәйкес қамтамасыз ету, ғылыми-техникалық жобаны іске асыру барысында жоспарланған нәтижелерге, нақты қажеттіліктерге қанағаттанарлықтай қол жеткізу, оның ішінде тиісті өндірісті құру үшін негіз болып табылатын, сонымен қатар ғылыми және ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды іске асырудың тиімділігі мен ұтымдылық деңгейін анықтау;

23) ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің есебі – ғылыми, ғылыми-техникалық жобаларды (бағдарламалар) аралық және қорытынды кезеңдерде іске асыру шеңберінде және жаңа білімді алу әдістемесін қамтитын және оның мәнін түсіндіретін тиісті материалдары қоса тіркелген, оның ішінде жаңа нәтижелерді алуды айқындайтын, орындалған ғылыми-зерттеу және (немесе) тәжірибелік-конструкторлық, технологиялық, маркетингтік жұмыстардың негізгі нәтижелері туралы аналитикалық жазбаны қамтитын белгіленген тәртіпте рәсімделген құжат, сондай-ақ жобаны іске асырудың аралық кезеңінде жұмысты одан әрі жүргізудің мақсаттылығын анықтай отырып дәлелдеу;

24) Университеттің ғылыми-техникалық кеңесі (ФТК) - сараптау органы, қызметтің негізгі түрі Университеттегі ғылым мен ғылыми-техникалық қызметтің проблемаларын комиссиялық қарастыру болып табылады, оның ішінде аралық және қорытынды кезеңдерде орындалған ғылыми зерттеулердің нәтижелері бойынша, ФЖ, ФТЖ мен ИЖ оларға белгіленген тәртіпте бағалау жүргізу есептері;

25) Университеттің ғылыми кеңесі – орындалған ғылыми зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді қарастыруды, аралық және қорытынды кезеңдерде ФЖ, ФТЖ, және ИЖ Қазақстан Республикасында қабылданған заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылуын қоса алғанда, оның ішінде Университеттегі ғылыми және ғылыми-техникалық қызметтің мәселелері бойынша шешім қабылдайтын алқалық орган;

26) ғылыми-техникалық ақпарат – ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық, технологиялық, жобалау және өндірістік қызмет процесінде алынған ғылыми бірлестіктің бағытына енгізілген құжаттандырылған білім, сондай-ақ ғылым, жаңа техника мен технологиялар саласында ұлттық және шетелдік жетістіктер туралы мәліметтер;

27) зияткерлік меншік – ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстар және азаматтық айналым, тауарлар, жұмыстар

немесе қызметтердің қатысушылары өнімдерін дараландыру барысында алынған азаматтың немесе заңды тұлғаның зияткерлік шығармашылық қызмет нәтижелеріне ерекше құқығы;

28) технологиялық жұмыстар – жаңа бұйым үлгісін және оның конструкторлық құжаттамасын әзірлеу;

29) инновациялық өнім – жаңа тауар, қызметтер, өндіріс (технология) әдісі немесе өзге де қоғамға пайдалы нәтиже түріндегі практикалық жүзеге асыруда алынған инновациялық қызметтің (жаңалық, инновация) нәтижесі;

30) Инновациялық жоба (ИЖ) – толық инновациялық цикл шеңберіндегі шаралар кешенін қамтитын, нарық талап еткен инновациялық өнімді құруға және коммерцияландыруға немесе қолданыстағы ғылыми-техникалық өнімді, технологияны жетілдіруге, сондай-ақ сол немесе өзге өндірістің техникалық-экономикалық көрсеткішін көтеруге мүмкіндік беретін құжат;

31) Инновация – жаңа немесе жетілдірілген технологиялық процестің жаңа немесе жетілдірілген өнімі түрінде жүзеге асырылған, сондай-ақ өндірістің түрлі саласына және қоғамды басқару сферасына прогрессивті ықпал ететін қоғамдық қатынастың түрлі сферасындағы өзге де шешімдер мен технологиялық, ұйымдық-техникалық, қаржылық-экономикалық инновациялық қызметтің нәтижесі;

32) Инновациялық қызмет (ИҚ) – жаңа идеялар, ғылыми білім, технологиялар мен экономиканы дамытудың түрлі саласындағы ғылыми-техникалық өнімдердің түрлерін енгізуге бағытталған, оның ішінде ғылымды қажетсінетін және экспортқа бағдарланған өндірісті құру жолымен және мемлекеттің экономикалық өсуін және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында қоғамды басқару үшін қажет қызмет.

1.2 Ереже ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ, ИЖ жоспарлау, құру, жүргізу, қаржыландыру кезеңдерінде ҒЖ, ҒТЖ және ТЖ құру мен жүзеге асыру бойынша ұйымдық және нормативтік-құқықтық негіздерді; орындалған ғылыми зерттеулер бойынша есептерді белгіленген тәртіпте рәсімдеу және қарастыруды; «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметінің нәтижелерін алу, рәсімдеу, пайдалануды және ғылымның, техника мен технологияның түрлі салаларына енгізуді, сонымен қатар Қазақстан Республикасының экономикасын тиісті салаларда дамытуды, ғылыми зерттеулерді орындау кезінде жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсетуді анықтайды.

1.3. Университет ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық білім беру мекемесі болып табылады, қызметінің негізгі түрі білім берумен қатар ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет, оның ішінде ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ, ТЖ жүргізу, сонымен қатар зияткерлік меншік нысандарына (ЗМН) құқық алу, зияткерлік меншік нысандарына перспективті қорғау құжатын лицензиялау және оларды жүзеге асыру болып табылады.

1.4 Университетте орындалатын ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ИЖ негізгі мақсаты экономиканы дамыту мен қоғамды басқарудың түрлі салаларында ғылыми өнімнің (моделдер, макеттер, үлгілер, жаңа бұйымдар, материалдар мен заттар) жаңа түрлері және жаңа идеялар мен ғылыми білімді енгізу, алу, пайдалану негізінде еліміздің әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуын және жеделдетілген әртараптандыруды қамтамасыз ету болып табылады.

1.5 Университетте жүзеге асырылатын ҒЖ, ҒТЖ және ИЖ шеңберінде орындалатын, жоспарланған ғылыми зерттеулердің негізгі мақсаты табиғат пен қоғамның іргелі дамуы негізіне бағытталған ғылыми-зерттеулерді белгіленген тәртіпте кезең бойынша жүргізу шараларын қамту, сондай-ақ Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамуын қамтамасыз ететін ғылыми-техникалық өнімдер мен ғылыми өнімдерді жүзеге асыру, экономикалық өсуін және экономиканың басым секторларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

1.6 Университеттегі ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссияның (бұдан әрі – ЖҒТК) белгіленген тәртіпте бекітілген ғылым және ғылыми-техникалық қызметті дамытудың басым бағыттары шеңберінде және ғылыми-техникалық қамтамасыз ету және экономиканың:

- тау-кен металлургия кешені;
- мұнай-газ секторы;
- химия өнеркәсібі;
- машинажасау;
- құрылыс индустриясы;
- ақпараттық және телекоммуникациялық технологиялар;
- баламалы энергетика;
- ғарыш қызметі және т.б. салалары бойынша өнеркәсіптің басым және инновациялық секторларын дамыту мақсатында жүзеге асырылады.

1.7 Университеттің ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ негізгі мамандандырылған бағыттары мыналар болып табылады:

- нанотехнологиялар, жаңа материалдар, электр көлігі, баламалы электр энергетикасы және олардың негізінде қашықтан оқытуға арналған ақпараттық технологиялар;
- машинажасау саласында теориялық негіздер мен озық технологиялық процестер практикасын әзірлеу, кешенді автоматтандыру және механикаландыру арқылы металл өңдеу, металл өңдейтін станоктар мен жабдықтардың өнімділігін арттыру, компьютерлік басқару арқылы машиналарды талдау мен жинақтау тәсілдерін әзірлеу, бәсекеге қабілетті көлік техникаларын, жабдықтар мен технологияларды құру;
- геология, гидрология және гидрогеология (су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, су ресурстарын тиімді пайдалану және оларды қорғау), минералогия, металлургия, металтану, кен байыту, мұнай-химия, бағалау саласында ғылыми-техникалық бағдарламаларды әзірлеу және жүзеге асыру, ҚР пайдалы

казбаларын (көмірсутекті және минералдық шикізат) игеру және қайта өңдеу және оларды ұтымды пайдалану (қайта өңдеу процесінде пайда болған техногенді қалдықтарды кәдеге жарату, олардан сапа бойынша стандарт талаптарына сай және коммерциялық мүддені білдіретін ғылыми-техникалық өнім алу);

- жер қойнауын геологиялық зерттеу, Қазақстанның мұнайгазды кен орны аудандарынан мұнай және газдың таралу аймақтарын іздеу және анықтау бойынша қолданбалы зерттеулер мен геодинамикалық модельдеу;

- су ресурстарын тиімді пайдалану және оларды қорғау бойынша кешенді ғылыми зерттеулер негізінде еліміздің су қауіпсіздігін қамтамасыз ету, оның ішінде Қазақстан Республикасындағы тұтынушылардың қажеттіліктері мен артықшылықтарын есепке алғанда, суды сақтау бойынша жаңа технологияларды әзірлеу мен жүзеге асыру;

- инновациялық зерттемелерді, жаңа және жетілдірілген технологияларды әзірлеу бойынша теориялық негіздерді құру, оларды салаларға енгізу және практикада жүзеге асыру;

- ҚР көмірсутекті шикізатты өндіру, дайындау, тасымалдау және қайта өңдеу, мұнай-газ саласы нысандарының конструкциялық және экологиялық дәйектілігін арттыру;

- күрделі тау-кен-геологиялық жағдайларда кенді ашық және жерасты игеру, тау-кен өнеркәсібінің технологиялық процестерін автоматтандырылған жобалау;

- кен байыту және табиғи шикізат пен түсті, сирек металдардың техногенді қалдықтарын энергия және ресурс үнемдейтін, экологиялық таза технологиялар арқылы қайта өңдеу, аппараттар мен жабдықтардың дәйектілігін арттыру; ұнтақ, коспа, композициялық материалдар, керамика, пигменттер мен кенінен қолданылатын полимерлер синтезі және өзге де бұйымдар түрінде жаңа өнім түрлерін жасау;

- металлургиялық, химиялық, мұнай өңдеу, тау-кен және өнеркәсіптің өзге де салаларында технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін әзірлеу;

- күрделі жүйелер мен беріліс технологияларын талдау, аппараттарды өңдеу және қорғау тәсілдерін әзірлеу;

- аппараттық инфрақұрылым элементтерін, ҚР навигациялар мен басқарудың интеллектуалдық жүйесінің еліктеу моделдерін құру;

- сала бойынша бағдарламалық жасақтаманы өндірумен, инфокоммуникациялық және өзге де ғылыми-техникалық өнімдерді жасаумен ғарыштық байланыс жүйелерін қоса алғанда, байланыс жүйелерін, аппараттарды дамыту;

- экологияның теңгерілген күйі мен тіршілік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа құрылыс материалдарын, конструкциялар мен инженерлік жүйелерді құру;

- ғимараттар мен құрылыстарды, өнеркәсіптік және әлеуметтік-мәдени нысандарды, сәулет ортасының дизайнын жобалау және салу;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша ғылыми негіздерді дамыту, экологиялық қауіпсіздікті басқару жүйесін құру, қоғамның тұрақты дамуының ғаламдық энергия-экологиялық стратегиясын, оның ішінде ГАЗ технологиялары мен ғарыштық нәтижелердің талдауы негізінде әзірлеу және жүзеге асыру;
- еліміздегі қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету, оның ішінде аталған бағыттың тиімді жолдарын анықтау мақсатында әлеуметтік, экономикалық, экологиялық, ұйымдық, техникалық жүйелерін зерттеу.

2 Нормативтік сілтемелер

2.1 Университеттегі ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ және ИЖ Қазақстан Республикасының келесі заңдары мен құқықтық құжаттарының негізінде орындалады:

- ҚР 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы;
- ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;
- ҚР 2016 жылғы 01 қаңтардағы «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы;
- ҚР 2004 жылғы 09 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңы;
- ҚР 1999 жылғы 16 шілдедегі №427-I «Қазақстан Республикасының Патентті заңы» Заңы;
- ҚР 2015 жылғы 31 қазандағы № 381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы;
- ҚР 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне зияткерлік меншік саласын құқықтық реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы;
- ҚР 1999 жылғы 01 шілдедегі №409-I Қазақстан Республикасының азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 17 қаңтардағы «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы;
- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылғы 11 қарашадағы «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2015 жылғы 30 қарашадағы «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

– Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2018 жылғы 10 қаңтардағы «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына Жолдауы;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2014-2018 жылдарға арналған стратегиялық жоспарын бекіту туралы» бұйрығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 01 наурыздағы №205 «Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы және «Мемлекеттік бағдарламалар тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы №957 Жарлығына толықтыру енгізу туралы;

– Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 01 қаңтардағы Еңбек кодексі;

– Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджет кодексі;

– ҚР 2008 жылғы 10 желтоқсандағы №99 IV «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер» кодексі;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 01 шілдедегі №657 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» Қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 06 ақпандағы №108 «Мемлекеттік қызметшілерге республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қызметтік шетелдік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу туралы» Қаулысы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы №575 «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті базалық, гранттық, бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру қағидасын бекіту туралы» Қаулысы;

- Қазақстан Республикасы Экономика және бюджетті жоспарлау министрінің 2014 жылғы 24 қарашадағы №511 «Бюджеттік өтінімді жасау және ұсыну қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы;
 - ҚР 5.03.011 – 2006 МЕСТ «Қазақстан Республикасындағы білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;
 - 7.32 – 2001 МЕСТ «Ғылыми-зерттеу жұмысы туралы есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережесі»;
 - ҚР СТ 15.011-2005 МЕСТ Р «Өнімді өндіріске әзірлеу және кою жүйесі. Патенттік зерттеулер. Мазмұны мен жүргізу тәртібі»;
 - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 16 қазандағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;
 - Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық зерттеу техникалық университетінің 2020 - Даму стратегиясы (Университеттің Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 желтоқсандағы №7 хаттамасымен бекітілген);
 - Университет ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТР орындау кезінде Университет ректорының, ғылыми және инновациялық қызметке жетекшілік ететін проректорлардың (бұдан әрі – жетекшілік ететін проректор) бұйрықтары мен қаулыларын және осы Ереженің талаптарын басшылыққа алады.
- 2.2 Осы Ережеде нормативтік құжаттардың келесі талаптары сақталған:
- «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» КЕАҚ сапа бойынша нұсқаулығы;
 - ҚР СТ ИСО 9001:2009. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;
 - ҚР СТ 1157-2002 "Жоғары кәсіптік білім. Білім беру ұйымдарының сапа менеджменті жүйесі";
 - СТ КЕАҚ 38944979-07-2015. «Университеттің нормативтік құжаттары. Әзірлеу, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту тәртібі».

3 Қысқартулар

Университет немесе ҚазҰТЗУ – Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті;

ҒБ – ғылым бөлімі;

ҒЗЖ – ғылыми-зерттеу жұмыстары;

ҒЗТҚЖ – ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

ТҚЖ – тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар;

ТЖ – технологиялық жұмыстар;

ҒЖ – ғылыми жоба;

ҒТЖ – ғылыми-техникалық жоба;

ИЖ – инновациялық жоба;

ҒБ – ғылыми бағдарлама;
ҒТБ – ғылыми-техникалық бағдарлама;
ИБ – инновациялық бағдарлама;
ҒҚ – ғылыми қызмет;
ҒТҚ – ғылыми-техникалық қызмет;
ҒҒТҚ – ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет;
ҒИҚ – ғылыми және инновациялық қызмет;
ЗМН – зияткерлік меншік нысаны;
ЖҒТҚ – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы жоғары ғылыми-техникалық комиссия;
ҚР – Қазақстан Республикасы;
ҒТЗ - ғылыми-техникалық зерттемелер;
ТӨС – тәжірибелік-өндірістік сынаулар;
ЖӨС – жартылай өндірістік сынаулар;
ӨС – өндірістік сынаулар;
ҒТК – ғылыми-техникалық кеңес;
БҒК – Бірлескен Ғылыми кеңес және Университеттің ғылыми-техникалық кеңесі;
ЗТМ – зерттеу тобының мүшелері.

4 ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ негізгі міндеттері

4.1 Университеттің ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобалары (бағдарламалар) шеңберіндегі ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ Қазақстан Республикасы экономикасының түрлі салаларын дамытуда университеттің іс жүзінде қосқан ғылыми үлесін қарқынды әртараптандыруды қамтамасыз ету және еліміздің әлеуметтік-экономикасының тұрақты даму үшін, сондай-ақ Университеттің қарышты дамуы, оның әлеуметтік-экономикалық және материалдық-техникалық күйін жақсарту, ЖОО имиджін нығайту мақсатында жүзеге асырылады.

4.2 ҒЗЖ мен ҒЗТҚЖ іргелі, стратегиялық және қолданбалы зерттеулер шеңберінде орындалады.

4.3 Іргелі зерттеулер табиғаттың, қоғамның, адам мен олардың өзара байланысы дамуының негізгі заңдылықтары жөніндегі жаңа ғылыми білім мен теориялық негіздерді алуға бағытталған кешенді ҒЗЖ қамтиды.

ҒЗЖ осы бағытта орындаудың мақсаты табиғаттың, қоғам мен адамның тиісті бағытта дамуының базалық теориялық негіздерін құру болып табылады.

4.4 Стратегиялық зерттеулер мемлекеттің дамуы, қоғамдық және саяси қызметтің басты мақсатына жетуі үшін маңызды әрі мәнді болып табылатын мәселелер мен проблемаларды шешуге бағытталған іргелі немесе қолданбалы сипаттағы ҒЗЖ кешені болып табылады.

ҒЗЖ осы бағытта орындаудың мақсаты еліміздің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін дамыту және мемлекеттің қоғамдық-саяси өмірінің

өзекті міндеттерін шешу үшін жағдай жасау жөнінде мемлекеттік саясатты жүзеге асыру негізінде стратегиялық маңызды нәтижелер алу болып табылады.

4.5 Қолданбалы зерттеулер еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін нақты міндеттерді шешу және практикалық мақсатқа жету үшін, оның ішінде түрлі ғылыми бағыттарда қайта құрылған теориялық негіздер негізінде жаңа білімді алуға бағытталған ҒЗЖ кешені болып табылады.

ҒЗЖ осы бағытта орындаудың мақсаты технологиялық, конструкторлық, экономикалық және әлеуметтік-саяси және өзге де міндеттерді шешу үшін, оның ішінде жаңа ғылыми өнімдерді әзірлеу бойынша ғылымның қолданысын қамтамасыз ету және тәжірибелік-өнеркәсіптік өндірісті бірыңғай жүйе ретінде құру бойынша, орындалған зерттеулер нәтижелерін жүзеге асыруға және енгізуге қажетті нормативтік-техникалық құжаттаманы әзірлеуді қоса алғанда, ғылымның, техника мен өндірістің барлық салаларында жаңа білімді қолдану және алу болып табылады.

4.6 ҒЗТҚЖ - ҒЗЖ кезеңі (дәлелді негізгі деректер мен білімді алу мақсатында жүргізілген теориялық және (немесе) эксперименттік зерттеулер) мен ТҚЖ кезеңін (ҒЗЖ нәтижелерін мақұлдау мақсатында технологиялық процестердің ТӨС, ЖӨС және ӨС жүргізу, тәжірибелі үлгілер мен тәжірибелі заттар тобын дайындау, дайындау және сынау үшін конструкторлық және техникалық құжаттаманы әзірлеу) қамтитын жаңа ҒТЖ сынау және орындау бойынша жұмыстар кешені.

ҒЗТҚЖ орындаудың мақсаты зертханалық, тәжірибелік-өнеркәсіптік және өнеркәсіптік жағдайларда ғылыми-техникалық өнімнің тәжірибелі үлгісін жасау болып табылады.

ҒЗТҚЖ орындау барысында алынған ғылыми-техникалық өнімге тапсырыс берушінің қабылдаған және төлеген келесі жұмыстары жатады:

- ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет нәтижелерін түрлі салалар нысандарына енгізумен және оларды жұмыста қолданумен байланысты ғылыми өнімді жасау бойынша ғылыми-зерттеу, технологиялық, жобалау, жобалау-іздістеу, конструкторлық, монтаждау, құрылыс және өзге де жұмыстар және олардың кезеңдері;
- ғылымды қажет ететін инжинирингтік жүйелерді кадрлық сүйемелдеумен жасау саласында ғылыми-техникалық жобаларды (бағдарламаларды) жүзеге асыру нәтижелері;
- орындалған ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың нәтижелері бойынша дайындалған жаңа техникалар мен материалдардың тәжірибелі үлгілері мен нұсқаушы топтамалары.

4.7 ТҚЖ мен ТЖ орындау инновациялық қызмет шеңберінде жаңа идеяларды, ғылыми білімді, технологиялар мен ғылыми-техникалық өнімнің әртүрлі түрлерін экономиканы дамытудың тиісті салаларына енгізу үшін, оның ішінде ғылымды қажет ететін және экспортқа бағдарланған өнімдерді жасау және қоғамды басқару жолымен, Қазақстанның экономикалық өсуін

және оның бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылады.

ИҚ нәтижесі болып табылады:

- тәжірибелік-эксперименттік жағдайда дайындалған ғылымды қажет ететін ұсақ сериялы және аз салмақты өнімдерді отандық және шетелдік нарыққа шығару және іске асыру;
- есептеу техникасының программалық құралдарын шығару және іске асыру;
- бірегей ғылыми аппаратуралар және технологиялық жабдықтарды пайдалану арқылы көрсетілген ғылыми-өндірістік қызметтер; ақпараттық, технологиялық қызметтер; патенттік-лицензиялық жұмыстар; метрология, сертификаттау, дизайн, информатика саласында көрсетілетін қызметтер;
- автоматтандырылған деректер базасын, технологиялар, бірегей әдістемелер мен өзге де ғылымды қажет ететін өнімдер банкіні құру және жүзеге асыру;
- көрсетілетін кеңес беру қызметтері және ғылыми, техникалық, экономикалық, басқарушылық сипаттағы сараптау жұмыстары, маркетинг;
- лицензиялар, патенттер, "ноу-хау" және басқа да зияткерлік меншік нысандарын жүзеге асыру.

4.8 Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды (бағдарламаларды) қалыптастыру шеңберіндегі кезекті 3 жылға ғылыми зерттеуді жоспарлап отырған әлеуетті ғылыми жетекшінің ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ мен ТЖ тақырыбы Университет бөлімшесінің нақты ғылыми бағытына, сонымен қатар ғылым мен техниканың өзге де бір-бірімен байланысты салаларымен сәйкес келуі тиіс.

Орындалатын ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ мен ТЖ өзектілігімен, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жаңалығымен және қарастырылатын мәселелердің немесе проблемалардың қойылуының маңыздылығымен, зерттеу әдісінің түпнұсқалығымен, қолданбалы маңыздылығымен, бәсекеге қабілеттілігімен, экономикалық тиімділігімен және ҚР экономикасының басым секторларында нәтижелердің коммерциялық сұранысқа көзделуі сипатталуы тиіс.

5 ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ жоспарлау, ұйымдастыру, жүргізу мен есеп беру тәртібі

ҒЗЖ, ҒЗТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ жүргізуге толық мөлшерде жұмыс істейтін оқытушылар қатысулары тиіс.

Әрбір оқытушы оқу жылының басында келесі бөлімдерден тұратын жеке жоспарын құрастырады:

- оқыту және оқу-әдістемелік жұмыс;
- ғылыми-зерттеу жұмысы;

- ұйымдастыру-әдістемелік және әдвайзерлік жұмыс;
- топтардағы және кафедралар комиссиясындағы, институттарда немесе университеттегі жұмыс.

«Ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімін оқытушы ұсынылған жүктемедегі ЖОЖ есепке ала отырып орындайды.

Оқытушының ғылыми-зерттеу жұмысына мыналар жатады:

- зерттеудің даму кезеңіне, кешенділігіне байланысты кезең бойынша және аралық кезеңге топтастырылып, іздестіріп зерттеу;

- ғылыми және ғылыми-білім беру гранттарын орындау;

- магистранттар мен PhD докторанттарының диссертациялық жұмыстарына жетекшілік ету, оның ішінде ҒЖ, ҒТЖ, ИЖ іске асыру шеңберінде;

- студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік ету, оның ішінде ҒЖ, ҒТЖ, ИЖ іске асыру шеңберінде;

- монографияларды, оқулықтар мен оқу құралдарын, соңғы 3 жылда орындалған ғылыми зерттеулердің нәтижесі негізінде өнертабысқа және зияткерлік меншіктің кез келген түріне қорғау құжаттарын рәсімдеу;

- рейтингілік республикалық және халықаралық ғылыми басылымдарда, оның ішінде импакт-факторы нөлдік емес ($IF > 0,25$) басылымдарда, сонымен қатар соңғы 3 жылда орындалған ғылыми зерттеулер нәтижесінің негізінде ҚР БЖҒМ БҒСБК ұсынған республикалық басылымдарда мақалалар жариялау;

- студенттердің ғылыми жұмыстары мен дипломдық жобаларының конкурсын, студенттік олимпиадалар мен конференцияларға дайындау және өткізу;

- ҒЗЖ туралы есептерін рәсімдеу, нормабақылау және ғылыми-техникалық сараптау;

- ҒЗЖ туралы есептерді, шет ұйымдардың ғылыми және инновациялық жобаларын ғылыми-техникалық сараптау;

- ҒЗЖ, ҒЗТКЖ және ИЖ нәтижелерін өндіріс пен оқу үдерісіне енгізу;

- технологиялық процестерді жетілдіру бойынша шаралар және ғылыми және инновациялық зерттеулердің қамтамасыз етілуі;

- ЖОО базасында ғылыми зертханаларды, тәжірибелі өндірістерді, инновациялық инфрақұрылымның мамандандырылған субъектілерін, жобалық-конструкторлық ұйымдарды құру.

5.1 ҒЗЖ, ҒЗТКЖ, ТКЖ және ТЖ жоспарлау.

Әрбір оқытушының жеке жоспарының «Ғылыми-зерттеу жұмысы» бөлімі және оның нақты орындалуы негізінде оқу жылының соңында кафедраның жоспары құрылады, оған «кафедраның ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары» бөлімі қосылады (ҚазҰТЗУ 605-01Ұ). Бұл жоспар оқытушының жұмыс күнінің екінші жартысында орындалатын жұмысы ретінде, әрбір оқытушының тапсырыс берушімен жасалған келісім

бойынша нақты қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындаумен байланысты жұмысын көрсетеді.

Нақты қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындау жылдық тақырыптық жоспарда көрсетіледі (ҚазҰТЗУ 605-07Ұ), ол келесі мәліметтерді қамтиды:

- орындауға негіздеме (тақырыптың маңыздылығы, ғылыми дайындама, келісім-шарт);
- орындаушы туралы мәліметтер;
- орындау мерзімі;
- қаржыландырушы мекеме;
- жылдық қаржыландыру көлемі;
- күтілетін ғылыми, тәжірибелік және әлеуметтік-экономикалық нәтижелер.

Кафедралардың ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Кафедралардың ғылыми және инновациялық жобаларының жылдық тақырыптық жоспары тиісті Институттардың Ғылыми кеңесінде қарастыруға және бекітуге жіберіледі.

Кафедралардың ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары бойынша (ҚазҰТЗУ 605-01 Ұ) кафедра меңгерушісі немесе кафедрада ғылыми жұмысқа жауапты кафедра жоспарының орындалуы жөнінде келесі деректердің көрсетілуімен, толық негіздемені ұсынады:

– әрбір оқытушыға бекітілген және ортақ кешенді тақырыпқа кіргізілетін кезең бойынша және/немесе кезең-кезеңмен ҒӨ, ҒТӨ, ИЖ кешенді тақырып атаулары;

- орындалу мерзімдері;
- жауапты орындаушылар;
- ҒӨ, ҒТӨ, ИЖ іске асырудың мүмкін жолдарын түсіндіріп негіздеу, оны жүзеге асыру барысында түпкі нәтижеге жету, ұйымның болжанып отырған атауларын жоспарланып отырған зерттеулер процесінде қамту, болжанып отырған іссапарлар мен экспедициялар тізімі (есеп беру құжатында) болжанады.

Қаржыландырылатын жобалары жоқ кафедралардың ғылыми және инновациялық қызметі жоспарында кезеңдері мен жауапты орындаушылары көрсетілген қаржыландырылмайтын ынталы ізденіс зерттеулері бойынша жобалар ескерілуі тиіс.

Кафедралардың ғылыми және инновациялық қызметінің жоспарын және кафедралардың ғылыми және инновациялық жобаларының жылдық тақырыптық жоспарын Институттардың ғылыми кеңесі бекіткеннен кейін Институттың ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Институттың ғылыми және инновациялық жобаларын іске асырудың жылдық тақырыптық жоспары жасалады, Университеттің ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Университеттің ғылыми және инновациялық жобаларын іске асырудың жылдық тақырыптық жоспарын қамтиды.

Сонымен бірге Университеттің ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Университеттің ғылыми және инновациялық жобаларын іске асырудың жылдық тақырыптық жоспарында оқу процесімен байланысты емес Университеттің *басқа ғылыми бөлімшелерінің* жұмыстарын қамтиды.

Университеттің ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Университеттің ғылыми және инновациялық жобаларын іске асырудың жылдық тақырыптық жоспары ҒТК отырысында қарастырылады, ҒТК шешімімен және бағыттаушы проректормен бекітіледі.

5.2 ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ, ТКЖ және ТЖ ұйымдастыру және жүргізу:

ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ, ТКЖ және ТЖ ұйымдастыру және өткізу – осы ережеге сәйкес ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды (бағдарламаларды) жасау және іске асыру кезеңінде, белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

5.2.1 Келісушілікті қамтамасыз ету, ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ, ТКЖ және ТЖ ұйымдастыру және өткізу бойынша жүргізілетін жұмысты талдау мен бірыңғайлауды жүзеге асыру мақсатында, соның ішінде: осы бағыттарда қызметті жетілдіру бойынша қажетті шараларды белгіленген тәртіпте қабылдау үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық және нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес, Университетте ғылым, ғылыми-техникалық және инновациялық қызмет саласындағы менеджмент белгіленген тәртіпте және тұрақты негізде жүзеге асырылады.

5.2.2 Университетте ғылым және ғылыми-техникалық қызметті орындау барысының нәтижелілігін қамтамасыз ету қажеттілігін қабылдап, ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ, ТКЖ және ТЖ нәтижелерінің тиімділігі мен сапасын бағалаудың бірыңғай әдістемесін пайдаланып, өзін-өзі бақылау процедурасын енгізуді қоса алғанда, белгіленген тәртіпте және тұрақты негізде ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық жобаларды (бағдарламаларды) іске асыру барысында мониторинг жүйесін орындау жүзеге асырылады.

5.2.3 Әлемдік аналог деңгейінде ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметтің жүзеге асырылуын қамтамасыз ету мақсатында, Университетте белгіленген тәртіпте жоғары ғылыми және ғылыми-техникалық деңгей мен инновациялық тартымдылық нәтижелерін алу үшін әр 3 жылда қымбат тұратын арнайы жабдықтарды, жоғары дәлдіктегі аспаптар мен есептеуіш техниканы сатып алудың арнайы бағдарламасы қалыптасады.

5.2.4 Еліміздің индустриялық-инновациялық даму қажеттіліктеріне жоғары оқу орындары ғылымының бағытталуы үшін, соның ішінде: Университетте био- және IT-технологияларын металлургия, мұнай-газ химиясын дамыту, тиімді қала құрылысы мен жобалау, құру және енгізу саласында ғылыми-зерттеулер жүргізу үшін келесі бағыттарда білімді, ғылым мен өндірісті біріктіріп, ғылыми-техникалық және ұйымдастырушылық сүйемелдеу жүзеге асырылады:

– ғылыми-білім беру консорциумдарын құру;

– университеттің жоспарланатын ғылыми зерттеулерінде мемлекеттік-жеке серіктестік принциптерін дамыту, соның ішінде: мемлекеттік-маңызды міндеттерді шешу бойынша экономиканың түрлі салаларындағы бизнес-құрылымдар мен кәсіпорындардың бірлескен ғылыми, тәжірибелік-конструкторлық және технологиялық жұмыстарын қоса қаржыландыру;

– қолданыстағы заңнамаларға сәйкес, инновациялық құрылымдарды қолдаудың институционалдық түрлерін дамытумен, жеке сектор қатысушыларын экономикалық ынталандыруды іске асыру.

5.2.5 Университетте ғылыми кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін құру мақсатында шетелдік жетекші ғылыми орталықтармен, ұйымдармен және жоғары оқу орындарымен, соның ішінде, әлемдік университеттер кампустарын дамыту бойынша біріктіруді қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүзеге асырылады.

5.2.6 Университетте халықаралық талаптарға сәйкес келетін білім беру қызметін жетілдіру қажеттілігін назарға ала отырып, оқу процесінде әлемдік ұқсастық деңгейіндегі ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін пайдалану және енгізу жүйесін сүйемелдеу және іске асыру бойынша жұмыс жүзеге асырылады.

Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін басқарудың жоғарғы органы – Университеттің Біріккен ғылыми кеңесі мен ғылыми-техникалық кеңесі (бұдан әрі – ФТК) болып табылады.

Университет ФТК-сы ҒЗЖ жоспарларын орындау қорытындыларын қарастырады және әлемдік ұқсастық деңгейінде орындалған озық ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ мен Ғылыми және инновациялық қызмет жоспарын іске асыру бойынша ұсынымдарды қалыптастырады.

Университет ФТК-сы жыл сайын Университеттің ғылыми және инновациялық қызметінің жоспары мен Ғылыми және инновациялық жобаларын іске асырудың жылдық тақырыптық жоспарының орындалу қорытындыларын қарастырады және белгіленген тәртіпте жүзеге асырылатын ішкі сараптама нәтижелері негізінде зерттеулердің аса өзекті және перспективалық бағыттарын дамыту туралы, сондай-ақ, ғылыми-техникалық ілгерілеуді жеделдетудің нақты үлесін қамтамасыз етпейтін ғылыми жұмыстарды тоқтату туралы шешімдер қабылдайды.

Ішкі сараптамаға аралық және қорытынды кезеңде аяқталған барлық ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ түседі, орындалған ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ туралы есептер түрінде, белгіленген тәртіпте рәсімделеді.

Орындалған ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ИЖ туралы есептердің ішкі сараптамасы орындалған ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ туралы аралық және қорытынды есептердің ішкі сараптамасын жүргізу тәртібі туралы ережеге (Е 029-03.10.2.70.09-2015) сәйкес жүзеге асырылады.

Университеттің ғылыми және инновациялық қызметіне жалпы әкімшілік басшылық етуді бағыттаушы проректор жүзеге асырады.

Университет, кафедра (институттар) ақпараттық-аналитикалық және ақпараттық-баспасөз бөлімшелерімен бірлесе отырып, ғылыми зерттеулер мен ҒТЖ нәтижелерін жарнамалау және кеңінен насихаттау үшін ұйымдастырады:

- ғылыми конференциялар, семинарлар, симпозиумдар және т.б.;
- халықаралық, республикалық, салалық ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік, коммерциялық және басқа да көрмелерге қатысу;
- тематикалық жинақтар, ақпараттық парақшалар, арнайы жарнама басылымдарын шығару және тарату.

Институттардың Ғылыми кеңесі кафедралардың ғылыми және инновациялық қызметі бойынша жұмыс жоспарларын, қорытындыларын қарастырады, оларды бекітеді және Университеттің ҒТЖ отырыстарында қарастыру үшін ұсынады.

ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ әзірлеу және орындау – инновациялық ғылыми жобаларды іске асыру, ҒЗЖ, ТКЖ және ҒЗЖТКЖ мен технологиялық әзірлемелерді орындау үшін оқу кафедралары, ғылыми зертханалар, ғылыми орталықтар, ғылыми-зерттеу институттары базасында және Тапсырыс берушімен Университет келісім-шарттары негізінде жүргізіледі. ҚР Салық кодексінің нормаларына сәйкес ҒЗЖ, ТКЖ және ҒЗЖТКЖ орындау үшін келісім-шарттарды жасау, келісу және қол қою кезінде, бюджеттен тыс қаражаттарды пайдалануға негізделген шаруашылық субъектілерімен жасалған келісім-шарттардан басқа, мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдалануға негізделген келісім-шарттардан түсетін пайданың қосылған құн салығын (ҚҚС) төлеуден босатылатыны ескеріледі.

ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ орындалуын ұйымдастыру жүйесіндегі негізгі звено – ғылыми жетекші басқаратын және кафедрада немесе құрылымдық бөлімшеде орындайтын ғылыми ұжым – зерттеу тобының мүшелері (бұдан әрі – ЗТМ) болып табылады.

Ғылыми жетекші төмендегілерге жауап береді:

- тақырыптың бөлімшелердің міндеттері мен бейініне сәйкес келуіне;
- жүргізілетін зерттеулер өзектілігінің сақталуына;
- зерттеулердің берілген көлемде орындалуын қамтамасыз етуге;
- күнтізбелік жоспарлар мен негізгі кезеңдердің және жалпы жұмыстың орындалу мерзімдерін сақтауға;
- ҒЗЖ көлемі мен орындалу мерзімін түзетудің негізділігіне;
- Университет басшылары мен жоғарғы тұрған мемлекеттік органдар ұсынған, ҒӨ, ҒТӨ, ИЖ шеңберінде орындалатын (орындалған) ғылыми зерттеулер туралы ақпараттың анықтығына;
- аяқталған жұмыстың немесе олардың негізгі кезеңдерінің қарастырылуын (пікірсарап, сараптама) ұйымдастыруға;
- ғылыми қызметкерлердің жұмыс уақытын мақсатқа сай және тиімді пайдалануына;
- ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ орындау туралы есеп мазмұнына, уақыттылығына және толықтығына. Сонымен бірге есепте жарияланымдар

атауы, олардың көлемі, нөмірі, күні мен басылымдар атауы, баяндамалар атауы, сондай-ақ ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ орындауға байланысты өзге де мәліметтер қысқа, әрі нақты көрсетілуі тиіс.

Ғылыми, ғылыми-техникалық және инновациялық қызметті жүзеге асырмас бұрын мыналар тексеріледі:

– ғылыми және инновациялық зерттеулер үшін зертханалық және аппаратуралық базалар (ҚазҰТЗУ 603 ҚП, ҚазҰТЗУ 720 ҚП Оқу-зертханалық базасы) дайындығы;

– Жабдықтың жұмыс істеу қабілеті, бағдарламалық қамтамасыз етуді ретке келтіру және бақылау-өлшеу аспаптары мен өлшеу құралдарын калибрлеу/тексеру (ҚазҰТЗУ 609 ҚП). Бұл жұмысты кафедра бойынша жауапты адамдар, мысалы: инженерлер, оқу шеберлері мен зертханашылары орындайды.

Қаржы және есеп департаменті Халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес ҒЗЖ, ТКЖ және ҒЗЖТКЖ қаржыландыру бойынша жеке бухгалтерлік есепті жүргізеді.

Заңды құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі Университеттің ғылыми және инновациялық қызметін құқықтық сүйемелдеуді жүзеге асырады.

5.3 ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ИЖ жөнінде есеп беру:

ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ орындау туралы Тапсырыс берушімен Университет келісім-шарттарының күнтізбелік жоспарлары мен техникалық тапсырмаларында қарастырылған, сондай-ақ, нақты зерттеу кезеңдері, орындау көлемі мен мерзімдері, алынған нәтижелерді тапсыру түрлері көрсетілген оқытушылардың жеке жоспарларында қарастырылған жұмыс нәтижелері ғылыми есеп немесе монография түрінде рәсімделеді және оқытушының қызметін бағалау, конкурс бойынша қызметтерін алмастыру кезінде, аттестация өткізген кезде ескеріледі. ҒЗЖ туралы есепті дайындау келісім-шарт талаптарына сай, уақытында орындалуы тиіс. Есепте келтірілген деректердің растығына ҒЗЖ, ТКЖ және ҒЗЖТКЖ жетекшісі жауапты болады.

Бөлімшелердің ҒЗЖ орындалуына бақылауды кафедра отырыстарында ПОҚ, жобалардың ғылыми жетекшілерін тыңдау, Институттың кеңесі отырыстарында кафедра меңгерушілерін (ғылым бойынша жауаптылар) және Университеттің ҒТК отырыстарында ғылыми бөлімшелер мен институттар директорларын тыңдау арқылы және ішкі аудит (ҚазҰТЗУ 801 ҚП) жүзеге асырады. Институттар мен ғылыми орталықтар директорларымен, сондай-ақ басқа да ғылыми бөлімшелердің жетекшілерімен бекітілген ҚазҰТЗУ 605-04 Ү үлгісіне сәйкес рәсімделген, ағымдағы оқу жылының ғылыми және инновациялық қызметі туралы есептер тапсырыс берушінің жоспарына сәйкес жіберіледі.

ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ нақты қаржыландырылған, ЧИГ-пен дер кезінде және сапалы орындалуына бақылау жасау кафедра, Институттың Ғылыми кеңесі мен Университеттің ҒТК отырыстарында ПОҚ, тақырыптардың

ғылыми жетекшілерін тыңдау арқылы орындалады. Жоба бойынша қысқа аңдатпа мен статистикалық есеп ЖТД-ға ұсынылады.

Университетте орындалатын барлық ашық ғылыми-зерттеу жұмыстары (ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ туралы есептер), соның ішінде: қаржыландырылмаған ізденіс зерттеулері бойынша ҒЗЖ туралы есептер қолданыстағы нормативтік-техникалық құжаттамаларға сәйкес ЧИГ-пен мемлекеттік тіркеліп, институттармен жүзеге асырылғандар ішкі норма бақылауға жатады. Мемлекеттік тіркеу мен орындалып жатқан (аяқталған аралық) және аяқталған ашық (құпия емес) ҒЗЖ және ҒЗЖТКЖ есебін «Ұлттық ғылыми-техникалық ақпарат орталығы» АҚ-сы жүзеге асырады.

Ғылыми зерттеулерге қызмет көрсетуге және ғылыми-өндірістік қызметті ұсынуға байланысты жұмыстар (ҒЗЖ туралы есептер және т.б.) мемлекеттік тіркеуге жатпайды.

Институттар есеп құжаттамаларының сақталуын және оның белгіленген тәртіпте мұрағатқа тапсырылуын қамтамасыз етеді.

6 Қаржыландыру және ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ қаржыландыруға бөлінген қаражатты жұмсау, оның көлемін жоспарлау

6.1 ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ қаржыландыру:

Осы жұмыс түрі:

- мемлекеттік бюджет қаражаты;
- тапсырыс берушілермен (өнеркәсіптік кәсіпорындармен, қорлармен және т.б.) және Университетпен жасалған шаруашылық келісім-шарттары бойынша ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындаудан түскен қаражаттар.
- ғылыми зерттеулер, ҒТЖ, кеңес беру, сараптамалар және т.с.с. орындау үшін әртүрлі деңгейдегі бюджет қаражаттары;
- негізгі жұмыс уақытының екінші жартысы есебінен, негізгі жалақысы шамасында профессор-оқытушылар құрамының ғылыми-зерттеулер жүргізуі үшін университетке бөлінетін қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ-ны қаржыландыру – конкурстық негізде жобалар мен бағдарламалар әкімгерлерімен бөлінетін гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында жүзеге асырылады.

Университет ғалымдары гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру аясында мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ және ТЖ жүргізу үшін қаржы құралдарын «Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-сымен жүзеге асырылатын, белгіленген тәртіпте конкурстық өтінімдерді мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптау жүргізу негізінде жобалар мен бағдарламаларға әкімгерлермен жарияланған жобалар мен бағдарламалардың конкурстық нәтижелері және Ұлттық Ғылыми кеңестің оң шешімі бойынша алады.

ЗМН рәсімдеу және оларды күшінде ұстап тұруға арналған шығындар Институттың және жобалар/бағдарламалардың меншікті қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

6.2 Ғылым бөлімі, Келісім-шарттық зерттеулер кеңсесі, Коммерцияландыру кеңсесі қызметкерлеріне және басқа қызметкерлерге еңбекақы төлеу

ҒЗЖ жүргізу үшін келісім-шарттар жасаған кезге дейінгі еңбегі үшін сыйақы төлеуді университет ережесіне сәйкес жүргізу, ҒЗЖ жүргізу үшін келісім-шарт жасағаннан кейін барлық салық пен басқа да бюджетке міндетті төлемдерді есептеуді қоса алғанда ғылыми-зерттеулер жүргізуге қатысатын зерттеу тобының мүшелеріне еңбегі үшін сыйлықақы төлеу – гранттық, бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру және шаруашылық келісім-шарт қаражаттары есебінен жүргізіледі.

Әлеуметтік төлемдерді төлеу, соның ішінде: сауықтыруға арналған жәрдемақы, жыл сайынғы ақылы еңбек демалысы, еңбекке жарамсыздық парақтары және өзге де әлеуметтік төлемдер белгіленген қолданыстағы ережелер мен нормаларға, орташа айлық жалақы мөлшері есебіне сәйкес университет қаражаты есебінен жүргізіледі.

6.3 ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ, ТЖ қаржыландыру көлемін жоспарлау және оны жүзеге асыру үшін бөлінген қаражатты жұмсау.

Жыл сайын ҒБ мен Қаржы және есеп департаменті бюджеттік өтінімдер түрінде ұсынылған ғылыми-зерттеу жұмыстарының тізбесінен ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ, ТЖ қаржыландыру көлемінің жиынтық жоспарын жасайды.

Тақырыптарды орындау кезінде ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ, ТЖ бойынша жоба ғылыми жетекшісіне уақытша иеленуге және толық материалдық жауапкершілікті пайдалануға құрылымдық бөлімшенің басшысымен келісім бойынша кафедраның (құрылымдық бөлімшенің) қажетті жабдықтары беріледі. Тиісті ҒЖ, ҒТЖ, ТЖ іске асыру бойынша ғылыми грантты пайдалануға бөлінген қаражат шеңберіндегі қаржы қаражатымен және материалдық-техникалық базасымен ғылыми жетекшінің ғылыми, ғылыми-техникалық, инновациялық жобаны (бағдарламаны) иелену құқығы – оның қолданыстағы заңнамалары мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

Тапсырыс беруші мен ҚазҰТЗУ арасында жасалған келісім-шартқа ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындауға қаржылық негіздеме жасау үшін және «Жоба бойынша ЖОО орындайтын жұмыс құнының негізділігі» критерийін негіздеу үшін ҒЖ, ҒТЖ, ИЖ жобасының ғылыми жетекшісімен, бас бухгалтермен қол қойылған ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ, ТЖ жүргізуге шығындар сметасы жасалады және бағыттаушы проректормен бекітіледі.

ЧИГ құрамының еңбекақы төлеу қоры лауазымдық қызметке сүйеніп, есептеп шығарылған, белгіленген тәртіпте нақты орындалған және тапсырылған жұмысты есептелген сома есебіне жазылған сома есебінен

жасалады. Еңбекақы төлеу қорының есебі мемлекеттік бюджетке міндетті төлемдерді (табыс салығы және әлеуметтік төлемдер) есепке алумен, осы ҒЗЖ, ҒЗЖТҚЖ, ТҚЖ, ТЖ орындалуы бойынша барлық шығындарды (толықтыратын материалдарды сатып алу, шет ұйымдар қызметі және басқа да тікелей шығындарды) есептегеннен кейін жүзеге асырылады.

Уақытша зерттеу тобын құрған кезде келесі талаптарды ұстану қажет:

– Зерттеу тобы мүшелерінің негізгі құрамына ҚазҰЗТУ қызметкерлерінің (ПОҚ, ОКҚ және ӘБҚ қатарынан) 70%-ы, білім алушылар қатарынан (магистранттар мен студенттер) 20% -ы, азаматтық-құқықтық келісім-шарттар бойынша шет ұйымдардан қабылданған тұлғалардың 10%-ы кіреді;

– жұмысшы тобы құрамының біліктілігі бойынша міндетті:

БҒҚ, ЖҒҚ, АҒҚ – мамандығы бойынша көп жылдық жұмыс тәжірибесі болған кезде, мамандығы бойынша ғылыми дәрежесінің немесе академиялық дәрежесінің болуы;

АҒҚ, ҒҚ – мамандығы бойынша көп жылдық жұмыс тәжірибесі болған кезде, ғылыми дәрежесіз болуы;

ҒҚ – мамандығы бойынша магистр академиялық дәрежесінің болуы;

КҒҚ – жоғары білімінің және (немесе) докторантурада, магистратура мен бакалавриатта білім алушылар қатарынан болуы.

Лауазымы	Толық мөлшердегі қызметкерінің мөлшері, теңге
ҒЗЖ-ға қатысатын зерттеу тобы мүшелерінің негізгі құрамы	
Ғылыми жетекші	50 000 – 350 000
Бас ғылыми қызметкер	50 000 – 300 000
Жетекші ғылыми қызметкер	50 000 – 250 000
Аға ғылыми қызметкер	50 000 – 200 000
Ғылыми қызметкер	50 000 – 200 000
Кіші ғылыми қызметкер	50 000 – 200 000
Жетекші инженер	40 000 – 200 000
Инженерлер: басқа бөлімдер, топтар, зертханалар	
I санаты	40 000 – 120 000
II санаты	40 000 – 120 000
III санаты (санатсыз)	40 000 – 120 000
Аға зертханашы, магистранттар	30 000 – 100 000
Зертханашы, студенттер	30 000 – 50 000

ҒЗЖ-ға қатысатын зерттеу тобы мүшелерінің қосалқы құрамы	
жобаға/бағдарламаға ғылыми қолдау көрсететін маман	50 000 – 350 000
жобаға/ бағдарламаға қаржылай қолдау көрсететін маман	50 000 – 350 000
жобаға/бағдарламаға маркетингтік қолдау көрсететін маман	50 000 – 350 000
жобаға/бағдарламаға заңдық қолдау көрсететін маман	50 000 – 350 000

Жекелеген жағдайларда, қызметкерлердің жоғары деңгейдегі біліктілігін, жұмысты орындау маңыздылығы мен жеделділігі, көлемінің едәуірлігін ескере отырып, өндіріс тиімділігі мен орындалатын жұмыстың сапасын арттыруда, қызметкерлердің/ ЧИГ мүдделілігін арттыру мақсатында, ғылыми жетекшінің жобаны/бағдарламаны жетекшілік ететін проректорға ұсынуы негізінде, смета бойынша шығындар көлемінде, тиісті лауазым бойынша лауазымдық қызметакы мөлшерінен аспайды, ынталандырушы сипаттағы жалақыға үстемеакы белгіленуі мүмкін.

ҚазҰТЗУ-да қажетті мамандар болмаған кезде, өзге тұлғалармен азаматтық-құқықтық келісім-шарттар жасалады. Бірлесе орындаушыларды тарту – түсіндірме жазуда негізделуі тиіс.

ЧИГ еңбекақысын төлеу – жасалған еңбек немесе азаматтық-құқықтық келісім-шарттар шеңберінде орындалған жұмыстар акті негізінде нақты жұмыстар тізімімен жүзеге асырылады.

«Әлеуметтік салық және әлеуметтік сақтандыру» бабы бойынша Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес әлеуметтік салық және әлеуметтік төлемдер бойынша шығындар сомасы көрсетіледі.

«Өзге де қорлар сатып алу» шығындары бабы – осы ҒЗЖ, ТКЖ және ҒЗжТКЖ орындау бойынша міндеттемелерді орындау үшін 12 айдан аспайтын кезең ішінде жұмысшылар тобында жұмыс істеу барысында бір реттік пайдалануға арналған шикізат пен материалдарды, сондай-ақ 12 айдан аспайтын кезең ішінде пайдаланылатын заттарды сатып алу шығындарын камтиды:

- реактивтер мен химикаттар, шыны мен химиялық ыдыстар, металдар, электроматериалдар, радиоматериалдар, фото қажеттіліктер;
- машиналар мен жабдықтардың тозған бөлшектерін жөндеу мен алмастыруға арналған қосалқы бөлшектер;
- кеңсе керек-жарақтары;
- оргтехника мен жабдықтармен жасақтау (картридждер);

– шаруашылық материалдары (электр шамдары, сабын және т.б.) және тағы басқалар.

Гранттық қаржыландыру шеңберіндегі гранттар мен бағдарламалардың шығындар сметасында шығындардың жалпы сомасы, егер грант сомасы 9 000 000 теңгеден аспаған жағдайда, университеттің пайдалану шығындарын жабуға арналған грант сомасынан 10% көлемінде ескерілуі тиіс. Егер грант сомасы 9 000 000 теңге және одан артық шығындарды құраған жағдайда, ҚазҰТЗУ-дың пайдалану шығындарын жабуға арналған шығындар грант сомасының 15%-ын құрайды.

Бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру шеңберіндегі бағдарламалардың шығындар сметасында шығындардың жалпы сомасы, егер грант сомасы 40 000 000 теңгеден аспаған жағдайда, университеттің пайдалану шығындарын жабуға арналған грант сомасынан 10% көлемінде ескерілуі тиіс. Егер грант сомасы 40 000 000 теңге және одан артық шығындарды құраған жағдайда, ҚазҰТЗУ-дың пайдалану шығындарын жабуға арналған шығындар грант сомасының 15%-ын құрайды.

ҒЗЖ мен ҒЗЖТКЖ орындау үшін ұйымдармен келісім-шарттар бойынша қаржыландыру шеңберіндегі жобалардың шығындар сметасында шығындардың жалпы сомасында, университеттің пайдалану шығындарын жабуға арналған келісім-шарт сомасынан 20% көлемінде ескерілуі тиіс.

«Коммуналдық қызметтерді төлеу» бабы бойынша коммуналдық қызметтер үшін шығындар көрсетіледі.

«Байланыс қызметтері» бабы бойынша байланыс (Интернетті қосқанда) және электрондық пошта қызметтеріне ақы төлеу бойынша шығындар көрсетіледі.

«Үй-жайлардың жалдау ақысын төлеу» бабы бойынша жалдау ақысы бойынша шығындар көрсетіледі.

«Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бабы бойынша шет ұйымдар орындайтын жұмыстар бойынша шығындар көрсетіледі. Осы бап келесі жұмыс түрлерін қарастырады:

- тәжірибелік үлгілерді дайындау;
- тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындау;
- сынақтар жүргізу;
- конференциялардың ұйымдастыру жарналарын төлеу;
- виза алу үшін шығындарды;
- ҚазҰТЗУ-да қажетті мамандар болмаған кезде, конференция материалдарын, мақалаларды басқа тілдерге аудару бойынша қызметтерге ақы төлеу;
- патенттік баж төлеу;
- жоба мен бағдарламаны ойдағыдай жылжыту үшін маркетингтік немесе өзге де зерттеулер жүргізу.

Үшінші тұлғаларды (ҚР резиденті және/немесе резидент емес) ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға тарту үшін көрсетілген шығындарды көрсетуге жол берілмейді.

Зерттеулер жүргізу бойынша заңды тұлғаларға қызмет көрсету шығындарының сметасына қосу, егер ҚазҰТЗУ-да мұны орындау мүмкін болмаса, немесе тек конкурстық өтініммен қарастырылған жағдайда ғана жүргізіледі.

«Өзге де қызметтер мен жұмыстарға ақы төлеу» бабы бойынша жобалар немесе гранттар бойынша шығындар сметасында жоба сомасынан 0,5% көлемдегі банктік қызметтер ескерілуі тиіс.

«Қызметтік іссапарлар үшін шығындар» бабында қызметтік іссапарлар үшін шығындар құрамы, оларды төлеу тәртібі қолданыстағы заңдармен анықталады. Ғылыми іссапарлар түсіндірме жазбада негізделуі тиіс.

Осы ереженің шарттарына сәйкес тұрақты жұмыс орнынан тыс қызметтік тапсырманы орындау үшін белгілі мерзімде Университет ректорының бұйрығы бойынша зерттеу тобы мүшесінің қызметтік іссапарға шығуы деп танылады. Алайда, іссапар мерзімі жолда болған уақытын санамағанда, 40 күннен аспайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2013 жылғы 01 шілдедегі №657 қаулысына және 2000 жылғы 22 қыркүйектегі №1428 «Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы» қаулысына сәйкес; іссапарлар үшін шығындар құрамы белгіленген нормаларға сәйкес сомаларды қамтиды:

– қызметкердің іссапарға баратын жеріне және тұрақты жұмыс орнына кері қайтуы үшін жүретін жолы купелі вагон тарифы бойынша ерекше жағдайларда, тиісті көлік құралдары болмаған жағдайда немесе шұғыл іссапар кезінде басшылардың рұқсатымен жүрдек поездардың купелі вагон тарифі және әуе көлігімен - экономикалық класс тарифі бойынша өтеледі;

– ұсынылған растайтын құжаттар (фискальдық чек, кассалық кіріс ордері, шот-фактура, жеке кәсіпкерден тұрғаны үшін құжаттарды ұсынған жағдайда, тұлғалардың мүлікті жалға беруге құқығын растайтын қосымша құжаттары ұсынылады) бойынша тұрғын үй-жайды жалдау. Осы бап бойынша шығындар өтелуі тиіс, сондай-ақ қызметкердің қонақ үйді брондау үшін төлем шығындары;

– республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына белгіленген екі айлық есептік көрсеткіш мөлшеріндегі тәуліктік нормалар шегінде.

Іссапарға жіберілушіге сапарға шығар алдында тұрғын үй-жайды жалдау және тәулік бойынша шығындар, жол жүруге тиесілі төлем сомасында

ақшалай аванс беріледі. Іссапарға жіберілуші қайтып келгенде, үш жұмыс күні ішінде барлық растайтын құжаттарының қосымшасымен, нақты шығындар туралы аванстық есеп беруге міндетті.

Шетелдік іссапардың орнын толтыру үшін шығындарды жоспарлау кезінде ғылыми жетекшілер Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 6 ақпандағы №108 қаулысын басшылыққа алады.

Кез келген жағдайда, жоба/бағдарлама бойынша іссапарлар үшін шығындар сметасын жасау кезінде, осы бап бойынша бөлінген соманың 5%-дан 10 %-ға дейінгі шығындар мөлшерін қарастырады.

«Бейматериалдық активтерді сатып алу» бабы бойынша бейматериалдық активтерді сатып алу үшін шығындар көрсетіледі.

«Өзге де негізгі құралдарды сатып алу» бабы бойынша осы жабдықтарды жобалау, тасымалдау және орнату үшін шығындарды қоса алғанда, нақты жобаны/бағдарламаны орындау үшін қажетті арнайы жабдықтарды, арнайы аспаптар мен құрал-саймандарды, аппараттарды, стендтерді, қондырғылар мен басқа да материалдарды және құрылғыларды сатып алу және дайындау. Өзге де негізгі құралдарды сатып алу үшін жоба/бағдарлама бойынша шығындар сметасын жасау кезінде, шығындар мөлшері осы бап бойынша бөлінген соманың 10%-дан 25%-ға дейінгі құрауы тиіс.

Зерттеу (сынақ) нысандары болып табылмайтын сериялық бұйымдарды, және сериялық, соның ішінде: ғылыми жұмыстар үшін арнайы жабдықтарға жатпайтын импортты есептеу техникасын сатып алуға арналған шығындарды жұмсау ретінде қосуға жол берілмейді.

Міндетті түрде арнайы жабдықтарды сатып алу (әзірлеу, дайындау) түсіндірме жазбада негізделуі тиіс.

«Азаматтық-құқықтық сипаттағы келісім-шарттар бойынша төленетін сыйақылар» тармағы бойынша Қазақстан Республикасы азаматтық кодексінің талаптарына сәйкес жасалған азаматтық-құқықтық келісім-шарттар шеңберінде шығындар көрсетіледі. Мұндай келісім-шарттарға мыналар жатады: тегін қызмет көрсету келісім-шарты, мердігерлік шарт, авторлық шарт.

7 Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗжТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ

7.1 Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен конкурстық негізде таңдалған ҒЗЖ, ҒЗжТҚЖ, ТҚЖ және ТЖ жүргізіледі, олардың мақсаты:

- жаратылыстану, қоғамдық, гуманитарлық және техникалық ғылымдар саласындағы іргелі зерттеулер аясында теориялық негіздер, ғылыми әдістемелер, әдістер, аксиомалар, ережелер және басқа да деректер жасау;

- қолданбалы зерттеулер аясында жаңа техника мен технологиялар құру бойынша жалпы мемлекеттік маңызы бар салалық, салааралық ғылыми және ғылыми-техникалық бағдарламалар жасау;

- қолданбалы зерттеулер аясында озық ғылыми бастама құруға бағытталған бастамашыл жобалар, соның ішінде: «тәуекелді» сипаттағы жобалар орындау;

- инновациялық гранттар бойынша инновациялық жобалар орындау болып табылады.

7.2 Нақты қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ТЖ бойынша мемлекеттік бюджет қаражаты, олардың әрбір тақырып бойынша жеке ескерілуімен, кафедраның, институт пен Университеттің Жылдық тақырыптық жоспарында жоспарланады және көрсетіледі. Әрбір жұмыстың сметалық құны шығындар бабы бойынша техника-экономикалық есептеулер негізінде анықталады.

7.3 Мемлекеттік бюджет есебінен нақты қаржыландырылатын жұмыстар үшін негізгі құжаттар тапсырыс беруші ұйыммен бекітілген техникалық тапсырма, сондай-ақ тапсырыс беруші ұйымның техникалық тапсырмасына сәйкес құрастырылған, орындаушы ұйымның (Университеттің) техникалық сипаттамасы қоса тіркелген жұмыстарды орындау үшін келісім-шарт, жұмыстың күнтізбелік жоспары мен жұмыстың сметалық құнының калькуляциясы болып табылады.

7.4 Мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен орындалатын, нақты қаржыландырылатын ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындаушылары:

- негізгі жалақыға қосымша ақымен негізгі жұмыс уақыты мен одан тыс уақыт ішінде нақты қаржыландырылған ҒЗЖ, ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ТЖ орындауға қатысатын профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелі және ғылыми дәрежесіз оқытушылары мен оқу-көмекші құрамның мамандары;

- бакалавриат, магистратура, PhD докторантурасы студенттері, тағылымгер-зерттеушілер, оларды дайындау жоспарына сәйкес, сондай-ақ сабақтан бос уақытта қосымша ақымен;

- негізгі жұмыс уақытында жұмыс атқаратын ғылыми бөлімшелердің ғылыми қызметкерлері, мамандары мен инженерлік-техникалық қызметкерлері;

- ЖОО ішінде қосымша жұмыс істеу шартымен ғана профессор-оқытушылар құрамының ғылыми дәрежелі оқытушылары мен ғылыми дәрежесіз мамандары, университет басшылары мен басқа да қызметкерлері;

- қосымша жұмыс істеу шартымен ғана басқа ұйымдардың, құрылымдық бөлімшелердің білікті мамандары мен ғалымдары болып табылады.

7.5 Тиісті біліктілігі бар Университеттің штаттағы профессор-оқытушылар құрамы, басшы және өзге де қызметкерлері, сондай-ақ жұмысқа тартылған докторанттары, аспиранттары, магистранттары мен студенттері өз тәжірибесі мен дағдыларына сәйкес, олардың біліктілігіне сай келетін лауазымдардағы қосымша қызметі бойынша жұмысты орындай алады. Мердігерлік шарт негізіндегі нақты орындалған жұмысы үшін қосымша қызметі бойынша ақы төленеді.

7.6 Зерттеу тобының негізгі құрамы қатарындағы тұлғалар, өздерінің негізгі жұмыстары бойынша міндеттерін дұрыс орындамаған жағдайда, қосымша жұмыс жағдайындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындауға жіберілмейді.

7.7 ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ және ИЖ орындаушыларына ақы төлеу – шарт шарттарына және күнтізбелік жұмыс жоспарына сәйкес, немесе орындалған жұмыстардың қабылдап-тапсыру актілері мен жұмыстың орындалуын растайтын басқа да құжаттар негізінде кезең-кезенмен жүргізілуі мүмкін.

7.8 Осы келісім-шарттар бойынша ақы төлеуге құжаттарды дер кезінде ұсыну үшін тақырып жетекшілері жеке жауап береді.

7.9 Жұмысты ұйымдастыру мен оны есепке алу жүйесі – жұмыс орнын анықтайтын, жұмыс уақытын бақылайтын, орындалған жұмысты қабылдайтын тақырып жетекшісіне жүктеледі.

7.10 Тақырып бойынша бөлінген қаражатты тиімді және мақсатты пайдаланылу үшін тақырып жетекшілері жеке жауап береді.

8 Шаруашылық келісім-шарттары бойынша орындалатын ҒЗЖ, ҒЗжТКЖ және ИЖ

8.1 Шаруашылық келісім-шарт – ҚазҰТЗУ-дың кез келген меншік түрі бойынша фирмалармен, компаниялармен, кәсіпорындармен және ұйымдармен жасаған ҒЗжТКЖ, ТКЖ және ИЖ орындау келісімі.

8.2 Шаруашылық келісім-шарттары – ізденіс және қолданбалы зерттеулер, ТКЖ орындау, ғылыми-техникалық әзірлемелер (ҒТЖ) даярлау үшін, сондай-ақ бұрын аяқталған зерттеу нәтижелері мен ЖОО-да құрылған өнертабыстар мен ҒТЖ сынау және ендіруге байланысты жұмыстарды жүргізу, бағдарламалық құралдарды әзірлеу мен ғылыми-өндірістік қызмет көрсету үшін жасалады.

8.3 Университет бөлімшелері қолданбалы ғылыми зерттеулерді орындайды, университеттің арнайыландырылған ғылыми бағыттарына, мамандарды дайындау бейініне сәйкес, соның ішінде: орындалған іргелі зерттеулер нәтижелері негізінде ТКЖ мен технологиялық жұмыстарды жүзеге асырады.

8.4 Университет атынан шаруашылық келісім-шарты Университет басшысымен немесе жетекшілік ететін проректормен жасалады.

8.5 Кәсіпорындармен және тапсырыс беруші ұйымдармен шаруашылық келісім-шарттары әрбір ғылыми-зерттеу жұмысы бойынша жасалады. Зерттеулер мен ҒТЖ кешенді бағдарламаларын іске асыру үшін тапсырыс беруші ұйымдармен келісім-шарттар жасауға рұқсат етіледі, осы бағдарламалар аясында жеке өздік жұмыстары мен тапсырмалар орындауды қарастыратын, сонымен қатар зерттеулерді жоспарлау мен қаржыландыру және ол бойынша есеп беру барлық бағдарлама бойынша толық жүзеге асырылуы мүмкін. Тапсырыс берушімен келісім-шарт – ғылыми-техникалық өнімді орындаушы мен тапсырыс берушінің қарым-қатынасын реттейтін және

қабылданған міндеттер мен оларды орындау үшін өзара жауапкершілікті анықтайтын негізгі құқығы мен қаржылық құжаты болып табылады.

8.6 Ерекше жағдайларда тараптардың келісімі бойынша келісім-шартта зерттеу нәтижелері бойынша дайындалған материалдарды жариялау, әзірлеушінің авторлық құқығы, тапсырыс берушімен арнайы жабдықтарды жеткізу, сондай-ақ орындаушының жұмыс нәтижелерін өз бетінше пайдалану құқығы бойынша мәселелер көрсетіледі. Ғылыми-зерттеу жұмысы барысында техника немесе технологиялар тауарын, өнертабысын немесе бәсекеге қабілеттілік нысанын жасаған жағдайда, Университет келісім-шарттың ерекше шарттарын, олардың өз бетінше коммерциялық зерттеу құқығын өзінде қалдыра алады. Осындай жұмыстарға қатысты, құпиялылық сақтауға міндетті және әзірлеушінің келісімінсіз үшінші тұлғаға мәліметтер бермеуге міндетті.

8.7 Тапсырыс берушіден шаруашылық келісім-шарттары бойынша қаражаттың түсуі және келісім-шартта қарастырылған жұмысты орындау үшін шығындар әрбір келісім-шарт (тақырып) бойынша жеке ЖОО арнайы (бюджеттен тыс) қаражаттарының сметасы бойынша жоспарланады.

8.8 Ғылыми-техникалық өнім мен ғылыми өнім дайындау бойынша жұмыстарға ақы төлеу – жұмыс басталғанға дейін тапсырыс берушімен келісіліп, келісілген баға бойынша жүргізіледі және келісім-шарт бойынша талап етілген шарттарға сәйкес, жұмыстың орындалу тиімділігіне, сапасы мен мерзіміне байланысты анықталады. Келісілген баға келісім-шарт жасау сатысында анықталады және жұмыс көлемінің өзгеруі үшін қосымша келісім жасалған жағдайдан басқа уақытта, нақты болып табылады.

8.9 Ғылыми-техникалық өнім мен ғылыми өнімді тапсырыс берушіге тапсыру түрі (есеп, техникалық құжаттама, аңдатпа, техникалық регламент, конструкторлық құжаттама, тәжірибелік үлгі және т.б.) келісім-шартта анықталады және өнімнің өзі тиісті нормативтік құжаттар мен стандарттар талаптарын қанағаттандыруы қажет.

8.10 Орындалған жұмыс пен басқа да ғылыми-техникалық өнім (ғылыми өнім) туралы есептер қолданыстағы стандарттар талаптарына сай болуы қажет. Аяқталған кезең мен толығымен ғылыми-зерттеу жұмыстары бойынша алынған нәтижелер, жұмыстың қабылдап-тапсыру актілері кафедраларда талқылануы тиіс. Шаруашылық келісім-шарттары бойынша жұмыс есебі – Осы ереженің 4.4-тармағына сәйкес жасалады. Шаруашылық келісім-шарты – тапсырыс берушіден қабылдаған және бекітілген есеп болған кезде, орындалған жұмыстар актісіне тараптар қол қойғанда және жұмысқа толық ақы төленгенде Университет тарапынан орындалған болып саналады.

8.11 Шаруашылық келісім-шарт жұмыстарын орындау – мемлекеттік бюджет тақырыптары (Осы ереженің 6.3-тармағы) үшін қарастырылған сол ретпен жүзеге асырылады. Мердігерлік шарт бойынша нақты тақырыпты орындау кезінде қабылданып, орындалатын тақырып бейіні бойынша мамандардан уақытша зерттеу тобы құрылады. Қызметкерлерге еңбекақы төлеу – қосымша жұмыс істеу шарттарымен регламенттеледі. Шаруашылық

келісім-шарт тақырыптарын аяқтағаннан кейін, жұмысты орындау келісім-шарты мерзімінің аяқталуына байланысты қызметкерлер жұмыстан босатылуы тиіс.

8.12 ҒЗЖТКЖ туралы есептер, әдістемелер, бағдарламалар, конструкторлық және технологиялық жобалар, зерттеулер жүргізу нәтижесінде алынған басқа да материалдар Университет меншігі болып табылады және тапсырыс берушімен келісім-шартта ерекше ескертілген жағдайларды қоспағанда, оның рұқсатынсыз пайдаланылмайды. Тақырып орындаушылары дайындалып жатқан тақырыптар бойынша техника-экономикалық акпаратқа байланысты, мемлекеттік құпия болып табылмайтын мәліметтерді түсіндіріп, олардың жариялануы Университет үшін экономикалық нұқсан келтіруі мүмкін болатын Университеттің коммерциялық құпиясын сақтауға міндетті. Зияткерлік меншік құқығы – қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталады.

8.13 Университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен оқу-көмекші құрамы қатарындағы тұлғалар негізгі лауазымы бойынша (оқыту, әдістемелік немесе ғылыми жұмыс) өз міндеттерін дұрыс орындамаған жағдайда, жұмыстарды орындауға жіберілмейді.

8.14 Орындалған жұмыстар үшін алынған қаражаттан салық төлеу, әлеуметтік аударымдар мен Зейнетақы қорына аударымдардан кейін, сыйақы төлемі, шаруашылық келісім-шарты бойынша өндірістік шығындар төлемі жүргізіледі: жабдықтар, құралдар, материалдар, кеңсе тауарларын сатып алу, іссапарларға, қалааралық телефон байланысына, жалға алу мен лизингке, типография қызметтері, конференцияларға қатысу, қосалқы мердігерлік шарттар бойынша контрагенттік жұмыстарға, ғимаратты жөндеуге, құралдарды тексеру мен өзге шығындарға төлемдер.

8.15 Шет ұйымдар жұмысына қатысатын университет қызметкерлері университеттің келісімімен ғана, оның ғылыми аппаратурасын, жабдықтарын, ғимараты мен мүліктерін жасалған келісім-шартқа сәйкес шығынның орнын толтыруымен пайдалана алады.

9 Оқу және ғылым процестердің өзара байланысы және тұтастығы

Оқу процесін, ғылым мен өндірісті біріктіру келесі есептен жүзеге асырылады:

- ғылыми-техникалық ілгерілеудің соңғы жетістіктерін пайдалану негізінде және нарық шарттарындағы жұмысқа бейімделген жаңа деңгейлі мамандарды заманауи өндірістің әлеуметтік-экономикалық қажеттіліктеріне сәйкес мамандар дайындауды;

- мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен және тапсырыс берушілермен келісім-шарттар бойынша орындалатын ҒЗЖТКЖ, ТКЖ және ИЖ орындау және олардың нәтижелерін енгізу бойынша студенттерді тартуды;

- Университеттің оқу бағдарламасы аясында, ғылыми бөлімшелер базасында белсенді ғылыми-зерттеулер жұмысының сан алуан түрлерін: оқу процесінде ғылыми аппаратура мен есептеу техникасын, түрлі пәндер шеңберінде заманауи жабдықтарды, заманауи зерттеу мен өлшеу әдістерін пайдаланып, дипломдық және курстық жобалау, оқу және өндірістік тәжірибелер, зертханалық және тәжірибелік сабақтар жүргізуді;

- оқу процесіне жаңа техникалық оқу құралдарын, стендтік және жаттығу құрылғысын, зертханалық қондырғыларды, дәріс курстарын, компьютерлік оқу құралдары мен жаттықтыру сабақтарын дайындау және енгізуді;

- ғылыми-оқу-өндірістік бірлестіктері мен кешендерін, ғылыми-оқу орталықтарын құру, салалық ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми зертханаларында оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізуді.

Өзгерістерді енгізу парағы

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы

--	--	--	--	--	--